

## 7- Дәріс

### Шағатай тілі сөз таптары

#### Есімдік

Төменде Шағатай тілінде қолданылатын есімдіктер мен олардың тізімі жалғауларымен бірге көрсетілген.

#### Жіктеу есімдіктері

<b>Жіктеу есімдіктері</b>	mèn 'мен'	sèn 'сен'	ol 'ол'	biz 'біз'	siz 'сіз'	olar, alar 'олар'
<b>Атау септік</b>	mèniñ 'менің'	sèniñ 'сенің'	anıñ 'оның'	biz(n)iñ 'біздің'	siz(n)iñ 'сіздің'	alarnıñ 'олардың'
<b>Ілік септік</b>	mèni 'мені'	sèni 'сені'	anı 'оны'	bizni 'бізді'	sizni 'сізді'	alarnı 'оларды'
<b>Табыс септік</b>	maña 'маған'	saña 'саған'	aña 'оған'	bizge 'бізге'	sizge 'сізге'	alargá 'оларға'
<b>Барыс септік</b>	mènde 'менде'	sènde 'сенде'	anda 'ода'	bizde 'бізде'	sizde 'сізде'	alarda 'оларда'
<b>Шығыс септік</b>	mèndin 'меннен'	sèndin 'сеннен'	andin 'одан'	bizdin 'бізден'	sizdin 'сізден'	alardın 'олардан'
<b>Теңділік септігі</b>	mènçe 'меніңше'	sènçe 'сеніңше'	ança 'олша' (оның ойынша)	bizçe 'біздіңше'	sizçe 'сіздерше'	alarça, olarça 'оларша' (олардың ойынша)

#### Сілтеу есімдіктері

<b>Сілтеу есімдіктері</b>	bu 'бұл'	bular 'бұлар'	ol 'ол'	alar 'олар'
<b>Атау септік</b>	munıñ 'бұның'	bularnıñ 'бұлардың'	anıñ 'оның'	alarnıñ 'олардың'
<b>Ілік септік</b>	munı 'бұны'	bularnı 'бұларды'	anı 'оны'	alarnı 'оларды'
<b>Табыс септік</b>	muña 'бұған'	bulargá 'бұларға'	aña 'оған'	alargá 'оларға'
<b>Барыс септік</b>	munda 'бұнда'	bularda 'бұларда'	anda 'ода'	alarda 'оларда'
<b>Шығыс септік</b>	mundın 'бұдан'	bulardın 'бұлардан'	andin 'одан'	alardın 'олардан'

<b>Теңдік септігі</b>	munça 'бұнша'	bulaрға 'бұларша'	ança 'олша'	alaрға 'оларша'
-----------------------	------------------	----------------------	----------------	--------------------

### **Басқа сілтеу есімдіктері:**

Uşbu 'осы', uşal, uşol 'сол', hembu, hemīn 'осындай', hemol 'сондай'.

### **Өздік есімдік:**

Öz формасында көрініс табады. Мысалы: *özüm* 'өзім', *özün* 'өзің', *özi* 'өзі', *özümüz* 'өзіміз', *özünüz* 'өзіңіз', *özleri* 'өздері'.

### **Сұрау есімдіктері:**

*Kim* 'кім?', *né* 'не?', *néге* 'неге?', *néше* 'неше?', қанша?', *қау* 'қай?', қайсы?', *қаған* 'қашан?', *қанда* 'қайда?', *қайда* 'қайда?', *қауан* 'қай жақа?'.

### **Белгісіздік есімдіктері:**

*barça* 'барлығы, бәрі, әр', *kimse* 'ешкім', *başқа* 'басқа, өзге', *her biri* 'әр қайсысы, әркім', *her қауы* 'қайсы бірі', *herkim* 'әркім', *néме* 'нәрсе, зат', *nemerse* 'нәрсе', *özге* 'басқа, өзге'.

### **Байланыстырушы есімдік:**

*Kim* 'сұрау есімдігі', *ki* 'кім?, қайсы?'.

## **Сан есім**

### **1. Сан есімдер:**

Түп негізгі сандық сан есімдер. Мысалы: *bir*, *éki* ~ *ékki*, *üç*, *tört*, *bêş*, *altı*, *yéti* ~ *yétti*, *sékiz* ~ *sékkiz*, *tokuz* ~ *toққuz*, *on*, *yigirmi* ~ *yigirme*, *otuz* ~ *ottuz*, *қırқ*, *ellig/k*, *altmış* ~ *altımış*, *yétmiş* ~ *yétimiş*, *üz* ~ *yüz*, *miñ*, *hezar* 'мың', *tümen* 'он мың'.

### **Реттік сан есімдер:**

+*ınçı*/*inçi*, +*unçı*/*ünçi* немесе +*lançı*/*lençi* секілді жалғаулары арқылы жасалады. Мысалы: *birinçi*, *ékinçi* / *ékkinçi*, *törtünçi*, *altılançı*, *yigirmelençi*.

### **Бөлшектік сан есім:**

Дауыссызбен аяқталып тұрған сандарға +*ar*/*er* жалғаулары, дауыстыға аяқталып тұрғандарға +*şar*/*şer* жалғана отырып жасалады. Мысалы: *birer*, *bêşer*, *ékışer*, *altışar*.

### **Топтық сан есімдер:**

+av/+ev (<+aġu/+egü, +lası/+lesi, +alası/+elesı және +avla(n)/+evle(n)) жалғаулары арқылы жасалады. Мысалы: *birev, êkev, êkilesi, üçev, törtev, bêşev, törtele, êkevle*.

## 2. Сілтеу сын есімдері:

*bu, ol, uşol* ‘міне сол’, *uşbu* ‘міне бұл’, *hemol* ‘осы да’, *hembu* ‘бұл да, бұл секілді, бірдей’, *hemīn* ‘осы сияқты’.

## 3. Сапалық сын есім:

*al* ‘қызыл’, *az* ‘аз’, *aġır* ‘ауыр’, *bêyik* ‘үлкен’, *boz* ‘боз, сұр’, *eski* ‘ескі’, *köp* ‘көп’, *sarıġ* ‘сары’.

## 4. Сұраулық сын есім:

*kim* ‘кім?’, *nê* ‘не?’, *nêşe* ‘неше?, қанша?’, *qay* ‘қайсы?, қайда?’, *qayu* ‘қайсы?, қайда?’.

## 5. Белгісіздік сын есімдері:

*barça* ‘барлығы, әрқайсысы, әрбір’, *barı* ‘барлығы, бәрі, әркім’, *dīger* ‘басқа, өзге’, *her* ‘әрбір’, *qatı* ‘барлығы, бүкіл, бәрі’.

## Сын есімнің салыстырмалы шырайы

Сын есімнің салыстырмалы шырайы сын есімге +*raġ/+rek* жалғанады. Мысалы: *az+raġ* ‘азырақ’, *bêyik+rek* ‘үлкенірек’, *better+raġ* ‘жаманырақ’, *köp+rek* ‘көбірек’, *yaġsı+raġ* ‘жақсырақ’.

## Күшейтпелі сын есім

Сын есім сипатындағы сөздердің алғашқы буыны немесе алғашқы буынының соңғы дауыссызына дейінгі бөлігі қайталанып немесе қайталанған буынның соңында *m, p, s* дауыссыздарының бірі тіркеле отырып жасалады. Мысалы: *ap+aġ* ‘әппақ’, *bom-boz* ‘боп-боз/ сұп-сұр’, *qap-qara* ‘қап-қара’, *köm-kök* ‘көкпенбек’, *qıp-kızıl* ‘қып-қызыл’, *sap-savıq* ‘сұп-суық’, *top-toġrı* ‘түп-түзу’, *yap-yassı* ‘жап-жақсы’, *yap-yaşıl* ‘жап-жасыл’, *yup-yumalaq* ‘доп-домалақ’, *yus-yumrı* ‘доп-домалақ’.

## Тапсырмалар:

### 1. Төмендегі сөздерді оқыңыз және көшіріп жазып, машықтаныңыз.

بارى	جنت
بيراو	جزا
بويور	جهت
بويون	جدا
جاهل	جمعه

### 2. Берілген түпнұсқа мәтінін көшіріп жазыңыз.

*Nevâdirü'ş-şebâb'dan \**

ای ساجینک زنجیری نینک سوداسیدا مجنون خرد  
دم بدم کوپراک پری دیک حسنونکا مفتون خرد

عقلیم اوچتی ایلادیم تا کسب عشقینک علمینی  
کر چه ایلکا کسب علمی دین بولور افزون خرد

ای حکیم ایتم جنونوم عیبی کیم کورکاج آنی  
توختاتا آلماس دماغی ایچره افلاطون خرد

ای خردمند ایلاماس سین حالتین عشاق نینک  
نی اوچون کیم عشق طوریدا ایرور مجنون خرد

آه کیم بیتکاج آنینک عشقی تمامین قیلدی مو  
کرچه قیلدی پند ایله کونکلومنی یوز افسون خرد

کرم رو عاشق قه مردود اولسه ناصح قیلما عیب  
کیم کیلیب تور اهل عشق الیدا دایم دون خرد

ای نوایی عشق آیاغی نینک نثاری ایلاکوم  
ساجسه هر ساعت نصیحت دین در مکنون خرر

(Ali Şîr Nevâyî, Nevâdirü'ş-şebâb, Süleymaniye Kütüphanesi,  
Fatih Kitaplığı, nr. 4056, 481b)

\* Bu metnin yazımında János Eckmann'ın, "Çağatay Dili Örnekleri I. Nevai Divanlarından Parçalar" (İstanbul Üniversitesi Edebiyat Fakültesi Türk Dili ve Edebiyatı Dergisi, c. 9, İstanbul, 1959, s. 33-64) adlı yayınından yararlanılmıştır.

**3. Берілген түпнұсқа мәтінінің транскрипциясын жасаңыз**

**4. Түпнұсқа мәтіннің транскрипциясына қарай отырып морфологиялық талдау жасаңыз**

**5. Берілген сөздердің жазылуына назар аударып, оқылуын үйреніңіз.**

جمله،

چیرماش، دولت، دشمن، ایله، ایمدی،

اشیک فانی، غریب، غربت،

### **СМӨЖ Тақырыптары:**

1. Қысас ул-Әнбия шығармасының мазмұны және тілдік ерекшелігі туралы баяндама жасау.
2. Навай, Бабыр өмір баяны және олардың шығармаларына тілдік мазмұндық талдау жасау.

### **Әдебиеттер Тізімі:**

1. Argunşah, M., Çağatay Türkçesi, Kesit баспасы, Анкара, 2013.
2. Develi, H., Osmanlı Türkçesi Kılavuzu, 1. Cilt, Kesit баспасы, Ыстанбұл, 2014.
3. Қордабаев, Т., Томанов, М., Тарихи грамматика мәселелері, Мектеп, Алматы, 1975.
4. Нұрмаханова А., Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы, Алматы, 1971.
5. Лихачев Д.С. *Текстология*. Краткий очерк. – Москва.: Изд-во Наука, 1964. – 102 с. Редактор и книга. Сборник статей. Вып III. – Москва.:Изд-тво Искусство, 1962. – 299 с.
6. Teres, E., Çağatay Türkçesi Dil Bilgisi ve Metin Çalışmaları, Sürat üniversitesi баспасы, Ыстанбұл, 2013.
7. Томанов М., Түрік тілдерінің салыстырмалы грамматикасы, Қазак университеті, Алматы, 1992.